Жұмыс комиссиясының
жұмысын ұйымдастыру
туралы ережеге
***инжиниринг**тік қызмет бойынша*
№1-қосымша

КСЕРОКӨШІРМЕ
КСЕРОКОПИЯ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Кіріс №1 204
09-12 2016
бет

Тапсырыс беруші
«Қызылорда обылысының құрылыс,
сәулет және қала құрылысы
басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ҚОРЫТЫНДЫ

«Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау»
нысаны бойынша

Қызылорда қаласы. **«___»_____ 2016 жыл**

Тапсырыс беруші «Қызылорда обылысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне **«Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау»** нысаны бойынша осы қорытынды нысанға инжиниринг**тік** қызмет көрсеткен «Достар Строй Групп» ЖШС-мен нысанның жұмыс комиссиясын шақыртуға дайындығы туралы осы қорытынды берілді.

1.Нысан: **«Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау».**

2.Бас мердігер «Абу-Сер» ЖШС-і

3.Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын «КазНефтеГазКонсалтинг» ЖШС-і әзірлеген.

4.Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған:
жұмыстың басталуы _____ 2008 жыл;
жұмыстың аяқталуы _____ 2016 жыл:

5.Техникалық қадағалау жүргізген сарапшының аты-жөні:
Ахметжанов Н., (аттестат № KZ51VGE00015866, берілген күні 10.03.2016г)
берілген мемлекеттік орган мен берілген күні,қадағалау жүргізуге құқығы берілген салалар, аттестаттың жарамдылық мерзімі және т.б.

6. ***ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР:***

«Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау» нысанына инжиниринг**тік** қызмет көрсеткен «Достар Строй Групп» ЖШС-нің инжиниринг**тік** қызметтерді жүзеге асыру құқығына арналған тиісті аттестаты бар техникалық қадағалаушысы *(сарапшы)* Ахметжанов Н. өз өкілеттігі мен міндеттерін төмендегі нормативтік-құқықтық актіге сәйкес жүзеге асырған және келесі жұмыстардың жүргізілуі қамтамасыз етілген.

Нысан бойынша техникалық қадағалаушысы *(сарапшы)* Ахметжанов Н. өз өкілеттігі мен міндеттері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27

КЕЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРАҢЫЗ

аусымдағы N 635 Қаулысымен бекітілген «Сәулет, қала құрылысы және ұрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету туралы» режесіне *(бұдан әрі-Ереже)* сәйкес жүзеге асырған.

Ереженің 9-тармағына сәйкес сарапшы не инжинирингтік қызметтерді өрсететін ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шартта өзделген инжинирингтік қызметтердің сапалы, уақтылы және толық көрсетілуі шін тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

Ал, 10-тармағына сәйкес сарапшы осы Ереженің талаптарын сақтамаған ағдайда, оның мәртебесін және инжинирингтік қызметтерді орындауға рналған құқығын куәландыратын аттестаттау куәлігінің қолданысы Қазақстан еспубликасының заңнамасында көзделген тәртіппен тоқтатыла тұрады не кері айтарып алынуы тиіс.

Ереженің осы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында арапшымен не инжинирингтік қызметтерді көрсететін ұйыммен келесі ұмыстардың атқарылғаны туралы толық ақпарат болуы тиіс.

Атап айтқанда, инжинирингтік қызметтерді ұйымдастыру ұмыстары:

1. Инжинирингтік қызметтер көрсеткен «Достар Строй Групп» ЖШС-нің *бұдан әрі – Ұйым)*шартқа қол қойылғаннан кейін техникалық қадағалау үшін өзі ұрған ұйымдық құрылымды, сондай-ақ ұйымның атынан жобаны басқаратын андидатураны тапсырыс берушіге келісуге ұсыну жұмыстары;

2.Ұйымның тапсырыс беруші басқармаға тікелей инжинирингтік ызметтер көрсететін сарапшылардың тізімін, олардың-міндеттері мен кілеттіктерін жазбаша түрде ұсынуы.

Келесі инжинирингтік қызметтер көрсету жұмыстары:

1. Сарапшының не ұйымның инжинирингтік қызметтер көрсеткен кезде үзеге асырылған *функциялары*:

1) мердігерлік сауда-саттыққа қатысушылардың біліктілігін анықтау және лардың ұсыныстарын бағалау кезінде тапсырыс берушіге жәрдемдесуі;

2) тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы мердігерлік шартты айындау процесіне қатысуы;

3) тапсырыс берушінің техникалық өкілі ретінде құрылыс объектілерінде апсырыс берушінің мүддесін білдіруі және қорғауы;

4) техникалық шарттарды, өлшеу жүргізудің уақтылы және дұрыс есімдеуді қамтамасыз ету және құрылыс алаңын уақтылы беруі;

5) мердігер жүргізетін құрылыс-монтаждау және жол-құрылыс ұмыстарының жобалау-сметалық құжаттамасына толық сәйкес келуін, бъектілерді салуды, қайта жаңартуды және күрделі жөндеуді техникалық адағалауды қамтамасыз етуі;

6) мердігердің құрылыс алаңдарында техникалық қауіпсіздік, еңбекті орғау және қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтауын қамтамасыз етуі;

7) объектілерде қолданылатын құрылыс материалдарының, онструкциялар мен бұйымдардың сапасын бақылау, оларды стандарттарға және азақстан Республикасында қолданыстағы басқа да нормативтік-техникалық ұжаттарға сәйкес зертханалық сынаулды ұйымдастыру және сапаны растайт н

құжаттардың болуын (техникалық паспорт, сертификат, зертханалық сынау және т.б.) тексеруі;

8) тапсырыс берушіге жобаларды іске асыру барысы туралы жоспарлы және жоспардан тыс есеп беруі;

9) мердігер дайындаған жұмыстардың күнтізбелік жоспарларын қарау және тапсырыс берушіге бекітуге ұсынуы;

10) жұмыстардың өндіріс қарқынының бекітілген кестеге сәйкестігін, объектілердің материалдық ресурстармен және техникалық құралдармен жиынтықталу барысын, білікті жұмыс күшімен қамтамасыз етілуін бағалауы;

11) объектілерде жұмыс істейтін машиналар мен механизмдерді есепке алуды жүргізу, олардың техникалық жарамдылығын және мердігердің конкурстық тапсырысында көрсетілген тізбеге сәйкестігін бағалауы;

12) мердігердің уақытша ғимараттары мен құрылыстарын, қойма шаруашылығын және шағын механизация құралдарын олардың мердігерлік жоба мен шарт ережелері мен талаптарына сәйкестігін тексеру және бағалауы;

13) жұмыстарды орындау мерзімдерінің ұзартылуына, қосымша немесе күтпеген жұмыстарды, шығындарды өтеуге қатысты мердігердің шағымдарын тексеру және тапсырыс берушіге ұсынымдар беруі;

14) бекітілген сметаға сәйкес орындалған жұмыстардың көлемі мен олардың құнын тексеру және аралық ақы төлеу немесе мердігермен толық есеп айырысу кезінде орындалған жұмыстарды қабылдау актілерін растауы;

15) тапсырыс берушіге жобалардың іске асырылу барысы, мердігердің қызметі, жұмыстардың сапасы, бөлінген бюджет қаржысының игерілуі және болашаққа болжамдар туралы кезеңдік есептерді ұсынуы;

16) тапсырыс берушіге мердігерлік шартты іске асыруға және ұсыным беруге қатысты туындаған немесе туындауы мүмкін проблемалар туралы хабарлауы;

17) тапсырыс берушіге жұмыстарды мерзімінде аяқтау үшін қажетті ұсыныстар беру, қабылданған ұсыныстар бойынша барлық қажетті құжаттарды дайындауы;

18) мердігерге уақтылы көмек көрсету және мердігерлік шарттардың орындалуына қатысты мәселелер, материалдар мен бұйымдардың сапасын бағалау, межелеу жұмыстары мен өлшеу жүргізу жөнінде қажетті нұсқаулар беруі;

19) техникалық есептер мен ақпарларды дайындауды және бекітуді, жұмыстардың жүргізілу барысын уақтылы құжаттауды қамтамасыз етуі;

20) орындалған жұмыстардың көлеміне мерзімді және түпкілікті өлшеуді жүргізу және олардың мердігердің есептеріне сәйкестігі туралы қорытындылар беруі;

21) бүкіл материалдарға, құрастырмаларға, жабдықтарға барлық кепілдік құжаттарды және сертификаттарды қабылдау мен сақтауды қамтамасыз ету және оларды жобалау аяқталған соң тапсырыс берушіге өткізіп беруі;

22) құрылысы аяқталған объектілерді қарауды, тексеруді және қажет болған жағдайда сынауды жүргізу, ескертулер жасау, оларды мердігердің толық

жоюын қамтамасыз ету және тапсырыс берушіге объектілерді белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдап алу туралы ұсыным беруі;

23) мердігердің анықталған ақауларды жою жөніндегі кепілдемелік міндеттемелерді орындауын тексеру, орындалған жұмыстардың сапасыздығы немесе кешіктірілгені үшін айыппұл және өсімпұл ұстауы;

24) жобаларды табысты іске асыру мен мердігер шартын орындау үшін қажетті тапсырыс берушімен шартта айтылған қызметтерді көрсетуі.

2. Сарапшы не инжинирингтік қызметтерді көрсететін ұйым инжинирингтік қызметтер көрсету кезінде заңнамаға және шарттардың талаптарына сәйкес:

1) тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша объектілердің құрылысы және оларды қайта жаңарту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдармен, жер учаскелерінің және коммуникациялардың иелерімен, басқа да ұйымдармен және жұртшылықпен қарым-қатынасында оның мүддесін білдіреді;

2) объектілер үшін материалдар жасайтын, өндіретін және дайындайтын құрылыс алаңдарына, шеберханаларға, зауыттарға, сондай-ақ басқа да орындарға кіре алады;

3) мердігерден және қосалқы мердігерлерден объект бойынша қажетті атқарушы құжаттаманы сұратады;

4) технологияның бұзылуы, жобадан ауытқу, сапасыз құрылыс материалдарының пайдаланылуы анықталған жағдайда, ақаулар мен бұзушылықтар жойылғанға дейін жұмыстарды жүргізуді тоқтата тұрады;

5) жобадан жүйелі түрде ауытқуларға жол берген, жұмыс өндірісі ережелерін және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын бұзған мердігерді жұмыстан босату туралы тапсырыс берушіге ұсыныс енгізеді;

6) төлемге берілген құжаттарды түзету немесе нормативтік талаптарға және жобалау құжаттамасына сәйкес келмейтін жұмыстар көлемінің құнын төлеуге берілген, орындалған жұмыстарды қабылдау актілерін алып тастау жөнінде тапсырыс берушіге ұсыныс енгізеді;

7) мердігердің лауазымды тұлғаларына ақауларды және олардың туындау себептерін жою туралы ұсыныстар жасайды;

8) мердігерден жұмыстар мен материалдарды қайтадан сынауды немесе сараптамадан өткізуді орындауды талап етеді;

9) хат-хабарларды, зерттеу және сынау деректерін, мәжілістердің хаттамаларын, қаржы жазбаларын, құрылыс алаңының күнделігін қоса алғанда, құжаттарды есепке алу, пайдалану және сақтау жүйесін **құру бойынша атқарылған жалпы жұмыстары.**

КЕЛЕСІ
БЕТКЕ ҚАРАҢЫЗ

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде **«Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау»** нысаны бойынша декларация комиссиясын шақыртуға дайын екені жөнінде осы оң қорытынды беріледі.

Инжинирингтік қызмет көрсеткен
«Достар Строй Групп» ЖШС-нің
Техникалық қадағалаушы (сарапшы) Ахметжанов Н

2009 ж. 12 » 2016 күні, мен Қызылорда қаласының нотариус Досжанов Жанымбек Нурекеевич Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитетінің 21 маусым 2005 ж берген № 0000101 лицензиясы бойынша осы кешерменің құжаттың түпнұсқасымен дұрыстығын куәландырдым. Соңғасында тазартылып ашырылған, қосылып жазылған, сызылған сөздер мен өзге де келісілмеген түзетулер немесе қандай да бір ерекшеліктер болған жоқ.

Тіркелген реттік № 7438

Төленген

Нотариус

Барлығы нөмірленіп, тігілген мөрмен бекітілген 4 (төрт) парақта бетте

Нотариус Досжанов Ж.Н.

«ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Кіріс №1 204
09.12. 2016
бет

Жұмыс комиссиясының жұмысын ұйымдастыру туралы ережеге ***авторлық қызмет*** *бойынша №2-қосымша*

Тапсырыс беруші
«Қызылорда обылысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы»мемлекеттік мекемесі

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

«Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау» нысаны бойынша

Қызылорда қаласы. **«___»_____2016жыл.**

Тапсырыс беруші «Қызылорда обылысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне**«Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау»** нысаны бойынша осы қорытынды нысанға авторлық қызмет көрсеткен «КазНефтеГазКонсалтигн» ЖШС-мен нысанның жұмыс комиссиясын шақыртуға дайындығы туралы оң қорытынды берілді.

1.Нысан: «Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау».

2.Бас мердігер «Абу-Сер» ЖШС-гі

3.Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын «КазНефтеГазКонсалтинг» ЖШС-гі жобалау ұйымдары әзірлеген.

4.Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған: жұмыстың басталуы_____2008 жыл;
жұмыстың аяқталуы2016 жыл:

5.Авторлық қадағалау жүргізген сарапшының аты-жөні: **Кубегенов Р.**

6. ***ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР:***

«**Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау**»нысанына авторлық қадағалау жүргізген «КазНефтеГазКонсалтинг» ЖШС-гі төмендегі нормативтік-құқықтық актіге сәйкес жүзеге асырған және келесі жұмыстардың жүргізілуі қамтамасыз етілген.

Нысан бойынша авторлық қадағалау жүргізген «КазНефтеГазКонсалтинг» ЖШС-гіөз өкілеттігі мен міндеттерін Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігініңқұрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2004 жылғы 20 қазандағы N 406 бұйрығымен бекітілген «Авторлық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу туралы» Ережесіне *(бұдан әрі-Ереже)* сәйкес жүзеге асырған.

Ереженің 5-тармағына сәйкес мемлекеттік қабылдау комиссиялары пайдалануға қабылдауға жататын объектілердің құрылысы барысында жүргізілетін авторлық қадағалау шарт негізінде және объект құрылысының (қайта жаңғырту, қалпына келтіру, кеңейту, техникамен қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу) не аяқталмаған объектілер құрылысын тоқтатып қоюдың бүкіл кезеңі ішінде жүзеге асырылады.

Ереженің 6-тармағына сәйкес авторлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде мына негізгі құжаттар болуы шарт және пайдалануға жатады:

1) авторлық қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығындар мөлшері бөлімі келтірілген құрылыстың жиынтық сметасы;

2) авторлық қадағалау журналы;

3) жобалау-сметалық құжаттаманы бекіту туралы бұйрық (шешім);

4) сараптаманың тәртібіне сәйкес орындалған және жобалау-сметалық құжаттамамен бекітілген жұмыс жобасы (жоба) бойынша сараптамалық қорытынды;

5) бас мердігерлік құрылыс, монтаж ұйымы басшысының үйлердің, ғимараттың құрылысындағы немесе оларды жөндеу жұмыстарын жүргізуге жауапты тұлғаларды (шеберді, жұмыс жүргізушіні, құрылыс бөлімшесінің бастығын) тағайындау туралы бұйрығы;

6) құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін жауапты тұлғаның Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары алдындағы қолхаты;

7) жер телімінің шекараларын табиғи түрде кесіп беру туралы акт;

8) жер телімдерін иелену және пайдалану құқығына арналған акт;

9) үйлер мен ғимараттардың негізгі осьтерін геодезиялық бөлуді тексеру актісі;

10) үйлер мен ғимараттар негізгі осьтерінің геодезиялық бөлінуін тексеру авторлық қадағалау өкілінің тікелей қатысуымен жүзеге асырылады;

11) репера белгілерін көшіру актісі;

12) құрылыс ұйымы жобасының негізгі құжаттары (бұдан әрі - ҚҰЖ);

13) жұмыстарды жүргізу жобасының негізгі құжаттары;

14) бас мердігердің мөртабан қойылған жұмыс сызбалары; құрылыс-монтаж ұйымындағы бас инженердің "Жұмыс жүргізуге берілсін" деген қолы қойылады;

15) сейсмикалық аудандардағы жол инженер-техникалық қызметкерлерінің құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу құқығына арналған куәлік;

16) жұмыстарды жүргізу, дәнекерлеу, монтаждау, бетондау жұмыстары журналдары және басқалар;

17) жасырын жұмыстарға, орындаушы сұлбаларға, түсіріп алуға және т.б. арналған актілер;

18) құрылымды сынауға арналған актілер және құрылыс материалдарын талдау нәтижелері, паспорттар, сертификаттар;

19) жекеленген құрылысы салынып біткен жүйелерді, объектілерді авторлық қадағалау өкілінің міндетті түрде қатысуымен сынау және қабылдау актілері.

Жұмыс комиссиясын шақырту туралы осы қорытындыда жоғарыда көрсетілген құжаттардың толықтығы, түгендігі мен ол бойынша атқарылған жұмыстар толық көрсетілуі керек.

Авторлық қадағалауды жүргізу

Авторлық қадағалауды жүзеге асыратын жобаны әзірлеушілер авторлық қадағалау журналының екі данасын жасайды.

Авторлық қадағалауды жүзеге асыру жүктелген қызметкерлерге жобаны әзірлеушілер ұйымының басшысы бекіткен олардың үйлердің, ғимараттардың құрылыстарына немесе оларды жөндеуге арналған тапсырма беріледі. Авторлық қадағалауға арналған тапсырмада берілген объектіге авторлық қадағалауды жүзеге асыру бойынша нақты жұмыстар көрсетіледі.

Авторлық қадағалауға арналған тапсырмалардың орындалуын тапсырыс беруші бекітеді, ал оның орындалу сапасын жобаны әзірлеуші ұйымның басшысы белгілейді.

Авторлық қадағалаудың өкілі белгіленген тәртіппен толықтырулар мен өзгерістерді жобалау-сметалық құжаттамаға енгізеді, авторлық қадағалау журналында құрылысты жүргізу кезінде анықталған жобалау-сметалық құжаттамадан барлық ауытқушылықтарды және құрылыс нормалары мен ережелері және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу жөніндегі техникалық шарттарды бұзушылықтарды, сондай-ақ оларды жоюдың мерзімдерін тіркейді, құрастырмаларға, бөлшектерге, құрылыс материалдарына және жабдықтарға арналған паспорттардың (сертификаттардың) және өзге де техникалық құжаттаманың сәйкестігін тексереді.

Авторлық қадағалаудың өкілі ақауларды жою жөніндегі нұсқаулар уақытында орындамаған немесе сапасыз орындалған жағдайда, бұл туралы тапсырыс берушіге және бас мердігер құрылыс-монтаж ұйымының басшысына, ал қажетті жағдайда шаралар қабылдау үшін құрылыс бақылау инспекциясына жазбаша хабарлай отырып, ақауларды жоюдың қажеттігі туралы қайталап жазба түсіреді.

Бас мердігер құрылысы аяқталған объектіні пайдалануға қабылданған соң авторлық қадағалау журналының өзіндегі данасын орындаушы құжаттама құрамында сақтауға тапсырыс берушіге тапсырады.

Авторлық қадағалаудың өкілдері үйлердің, ғимараттардың құрылыстары және олардың жөндеуі барысында жұмыстардың орындалуының жұмыс жобасында қарастырылған жобалық шешімдермен және бекітілген сметалық құнмен сәйкестігін, талаптардың, соның ішінде ҚҰЖ талаптарының сақталуын, жабдықтардың технологиялық және өзге де түрлерін монтаждау жөніндегі құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу сапасын, құрылысы жүргізіліп жатқан үйлерде, ғимараттарда және оларды жөндеуінде өрт қауіпсіздігі және жарылыс қауіпсіздігі ережелерін сақтауды тексереді.

Авторлық қадағалаудың өкілдері тапсырыс берушімен, бас мердігермен және қосалқы мердігерлік ұйымдармен бірлесіп, құрылыс барысында жобалау-сметалық құжаттама бойынша туындаған мәселелерді уақытында шешеді.

Авторлық қадағалау өкілдері жекеленген жауапты құрастырмаларды (тіректерді, аралық құрылымдарды, көпірлерді, доғаларды (аркаларды), тоғыспаларды тіреуіш қабырғаларды, көтергіш металл және темірбетонды құрылымдарды және өзге элементтерді) қабылдауға, сондай-ақ, орындалу сапасынан тұрғызылған үйлер мен ғимараттардың беріктігі мен орнықтылығы

мүмкін болатын кейінгі жұмыстар және құрастырмалармен бүркелген негізгі жұмыстарды куәландыру актісін жасауға қатысуға міндетті.

Авторлық қадағалау өкілдері жекеленген құрылысы аяқталған жүйелерге сынақ өткізуге және пайдалануға қабылдауға қатысады.

Авторлық қадағалауды жүзеге асырушы қызметкерлер үйлердің, ғимараттардың құрылыстарына немесе олардың жөндеуіне жоспар-кестеде қарастырылған мерзімде, сондай-ақ тапсырыс берушінің шақыруымен барып қайтады.

Авторлық қадағалау өкілі құрылысы салынып жатқан объектіге алғаш барған кезінде міндетті түрде құжаттардың болуын және дұрыс ресімделуін анықтайды, сондай-ақ:

1) құрылысы салынып жатқан үйлерге, ғимараттарға немесе олардың жөндеуіне арналған қосымша құжаттамалардың сақталу жағдайын;

2) мердігердің құрылыстық зертханасы жұмысының және оның геодезиялық қызметінің жай-күйін;

3) құрылыс алаңында материалдарды, құрастырмаларды және жабдықтарды қабылдау мен сақтауды ұйымдастырудың жай-күйін;

4) салынып жатқан объектіні пайдалануға құрылыс ұзақтығының нормативтік мерзімінде беру мақсатымен жұмыс жүргізу кестесінің сақталуын;

5) құрылыс-монтаж жұмыстарының және құрылыс алаңына түсетін материалдардың, бұйымдар мен құрастырмалардың сапасын;

6) тапсырыс берушінің техникалық бақылау жұмыстарының жай-күйін тексереді.

<u>Тексеру нәтижелері авторлық қадағалау журналында толтырылады.</u>

Жобаны әзірлеушімен авторлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде - жобаның бас әзірлеушісі қосалқы мердігерлік ұйымдарының мамандандырылған жобаны әзірлеушілермен бірлесіп, осы ұйымдардың мамандары авторлық қадағалаудың кешенді топтарына (бөлімшелеріне) бірігеді.

Осы кешенді топтың жетекшісіне барлық мамандардың қызметтеріне басшылық жасауды және үйлестіруді жүзеге асыратын жобаның бас әзірлеушісінің қызметкері тағайындалады.

Жұмыс және мемлекеттік қабылдау комиссияларының құрамына кіретін жобаның бас әзірлеушісі - жобаны әзірлеуші, бұл комиссияларға өзінің ұйымындағы мамандардың ішінен авторлық қадағалауды жүргізетін қызметкерлердің қатысуы туралы шешім қабылдайды.

Жобаны әзірлеуші - қосалқы мердігер жұмыс комиссиясына өз өкілін тағайындайды.

Бір мезгілде салынып жатқан объектілердің қатары көп болса, жобаны әзірлеуші - жобаның бас әзірлеушісі ұйым қызметкерлері қатарынан тек объектілердің құрылысына авторлық қадағалауды жүргізетін авторлық қадағалау жөніндегі тұрақты өкіл тағайындалады және өз міндеттерін жобалардың бас инженерлері, жобалардың бас сәулетшілері басшылығымен жүзеге асырады.

Авторлық қадағалау өкілі құрылысы салынып жатқан үйлерде, ғимараттарда және олардың жөндеуінде болған кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.

Авторлық қадағалауды жүзеге асырушы жобаны әзірлеушінің:

1) құрылыста мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес емес құрылымдарды, бөлшектерді, бұйымдарды, құрылыс материалдарын және жабдықтарды қолдануға тыйым салуға;

2) жобалау-сметалық құжаттама және нормативтік құжаттар талаптарының бұзылуы анықталған кезде тапсырыс берушілер, бас мердігер және қосалқы мердігер ұйымдар үшін міндетті, бұл туралы жазбаша түрде тапсырыс берушіге, бас мердігерге, қосалқы мердігерге, жобаның бас әзірлеушісіне, Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясына хабарлай отырып, жұмыстарды тоқтату туралы нұсқау беруге;

3) тиісті органдарға құрылыс-монтаж жұмыстарын сапасыз орындаған лауазымдық тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныс беруге;

4) құрастырмаларға, бөлшектерге, құрылыс материалдарына және жабдықтарға арналған сертификаттардың (паспорттардың) және өзге де техникалық құжаттаманың мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеруге;

5) құрылыстың құнын төмендету, сапасын арттыру және мерзімін қысқарту, объектілердегі құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу технологиясын жетілдіру туралы ұсыныс беруге **құқығы бар**.

Ереженің осы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қорытындыда авторлық қадағалау қызметтерін көрсеткен ұйыммен жоғарыда аталған жұмыстардың атқарылғаны туралы толық ақпарат болуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде «**Қызылорда қаласы, Александровск поселкесінде орналасқан психо-неврологиялық 300 орындық интернат үйі құрылысын аяқтау**» нысаны бойынша жұмыс комиссиясын шақыртуға дайын екені жөнінде осы оң қорытынды беріледі.

Авторлық қадағалау жүргізген
«КазНефтеГазКонсалтинг» ЖШС-нің өкілі _____ Кубегенов Р.

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
ТОО КазНефтегазконсалтинг
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЗЫЛОРДА Қ.